КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 10 желтоқсан №7119-24-00-2/15098 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Баймурзина, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«АЯЛА» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Байсариева Айсулу Бектенбаевна
«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот
ШЕШТІ:

«Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «АЯЛА» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Елжасов Аблай Аралбаевич, «Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

«АЯЛА» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Байсариева Айсулу Бектенбаевна Елжасов Аблай Аралбаевич мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«АЯЛА» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Байсариева Айсулу Бектенбаевна мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Баймурзина А. А., 10.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.01.2025, судья Баймурзина А. А., 22.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Баймурзина А.А.

Құжатқа қол қойылған: Баймурзина А. А., 10.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.01.2025, судья Баймурзина А. А., 22.01.2025

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

7119-24-3-1/14583